

Life

Nomad

«Nomad Life» өмірді сақтандыру
компаниясы АҚ

Қаржылық есептілік

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған
жыл ушін

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

МАЗМУНЫ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ
ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

| | |
|---|------|
| Қаржылық жағдай туралы есеп | 1 |
| Табыс немесе шығын және баска жиынтық кіріс туралы есеп | 2 |
| Капиталдағы өзгерістер туралы есеп | 3 |
| Ақшалай қаражаттарының қозғалысы туралы есеп | 4 |
| Қаржылық есептілікке ескертулер | 5-73 |

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ ЖАУАПКЕРШІЛГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚТЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Nomad Life» Өмірді сактандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») басшылығы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күні аяқталған жыл үшін Қаржылық есептілік жөніндегі Халықаралық стандарттар жөніндегі Кеңес шығарған Халықаралық каржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес Компанияның каржылық есептілігін дайындауға және дұрыс ұсынуға жауапты болады.

Осы каржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналарға жауап береді:


- бухгалтерлік есептің тиісті принциптерін таңдау және оларды дәйекті колдану;
- акпаратты, оның ішінде есеп саясаты туралы деректерді осындай акпараттың өзектілігін, сенімділігін, салыстырмалылығын және түсініктілігін камтамасыз ететін нысанда ұсыну;
- негізделген бағалаулар мен болжамдарды колдану;
- каржылық есептілікті пайдаланушыларға белгілі бір операциялардың, басқа оқигалардың немесе жағдайлардың Компанияның каржылық жағдайы мен каржылық нәтижелеріне әсерін түсіну үшін ХҚЕС талаптарына сәйкестік жеткіліксіз болған кезде косымша акпаратты ұсыну; және
- Компанияның жақын болашакта өз кызметін үздіксіз жалғастыру кабілетін бағалау.

Басшылық сонымен катар келесі үшін жауапты:

- тиімді және сенімді ішкі бакылау жүйесін әзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін камтамасыз ету;
- Компанияның каржылық жағдайы туралы акпаратты кез келген уақытта жеткілікті дәлдікпен дайындауға және каржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін камтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін колдау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Компания активтерінің сакталуын камтамасыз ету үшін өз құзыреті шегінде шаралар кабылдау;
- алайктикаң пен басқа да теріс әрекеттерді анықтау және алдын алу.

2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін каржылық есептілікті Компания басшылығы 2025 жылдың 18 сәуірінде шығаруға бекітті:

Баскарма Төрағасы



Е.Б. Камбетбаев

Бухгалтерлік есеп және каржылық есептілік Департаментінің
Директоры – Бас бухгалтер

A.T. Анарова

2025 жылғы 18 сәуір
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Nomad Life» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ акционерлері мен басшылығына

T +7 (727) 311 13 40

almaty@kz.gt.com
www.grantthornton.kz

Пікір

Біз Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы есептен, сондай-ақ пайда немесе шығын және басқа да жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен және көрсетілген күнге аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясаты туралы маңызды акпаратты коса алғанда, қаржылық есептілікке ескертудерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, ұсынылып жатқан қаржылық есептілік 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары кеңесі (бұдан әрі – «ХБЕСК») шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде әділ көрсетеді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес жүргіздік. Көрсетілген стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» белгімінде сипатталған. Біз Қазақстан Республикасындағы қоғамдық мүдделі субъектілердің қаржылық есептілігінің аудитіне колданылатын Бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары кеңесінің Қәсіби бухгалтерлердің халықаралық этикалық кодексіне (соның ішінде Халықаралық тәуелсіздік стандарттары) (бұдан әрі – «БХЭСК Кодексі») және Қазақстан Республикасындағы қоғамдық мүдделі субъектілердің қаржылық есептілігінің аудитіне колданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компаниядан тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізге негіз болу үшін жеткілікті және орынды деп есептейміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің ХБЕСК шығарған ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен әділ ұсынылуы үшін және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателік салдарынан елеулі бұрмалануларсыз қаржылық есептілікті дайындау кажет деп санайтын ішкі бакылау жүйесіне жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін токтатуға ниет білдірген жағдайларды немесе қызметті жоюдан немесе токтатудан басқа нақты балама болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі негізінде есептілік жасауға жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар «Nomad Life» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ-ның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты болады.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз - қаржылық есептіліктегі жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланулар болмайтынына ақылға қонымды сенімділік алу және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытынды шығару. Ақылға қонымды сенімділік - бұл сенімділіктің жоғары деңгейі, алайда Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит әрқашан елеулі бұрмалануларды (болған кезінде) анықтайтынына кепіл болмайды. Бұрмаланулар жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтықта осы қаржылық есептілік негізінде қабылданған пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сактаймыз. Сонымен қатар, біз мыналарды орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық ресімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау қаупінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізіп жіберу, ақпаратты бұрмаланған түрде ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып ету әрекеттерін қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес аудиторлық ресімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- колданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігіне жол беруді колданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – «Nomad Life» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ-ның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде елеулі күмән туындауы мүмкін оқигаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық қорытындыда қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе егер мұндай ақпаратты ашу орынсыз болса, біздің пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық қорытындыға дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқигалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуы қамтамасыз етілетіндігін бағалауды жүргіземіз.

Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі (жалғасы)

Біз «Nomad Life» өмірді сактандыру компаниясы АҚ корпоративтік басқаруга жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара байланусыды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында аныктайтын ішкі бакылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Grant Thornton LLP

Ержан Досымбеков



Жоба бойынша серіктес/Бас директор
«Grant Thornton» ЖШС

Қазақстан Республикасының
білікті аудиторы
Біліктілік қуәлігі
2012 жылғы 20 қантардағы №МФ-0000069

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ишкі мемлекеттік аудит комитеті берген Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуга 2018 жылғы 3 тамыздағы №18015053 мемлекеттік лицензиясы

2025 жылғы 18 сәуір
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| Мын тенгеде | Ескерту | 2024 жылғы 31 желтоқсан | 2023 жылғы 31 желтоқсан |
|--|---------|----------------------------|----------------------------|
| Активтер | | | |
| Ақшалай каражаттар және олардың баламалары | 5 | 10,084,419 | 10,202,914 |
| Несие мекемелеріндегі каражат | 6 | 62,443,459 | 18,923,981 |
| Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялар | 7 | 34,403,003 | 12,880,070 |
| Баска жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестиациялар | 8 | 45,959,452 | 73,310,371 |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестиациялар | 9 | 246,722,513 | 183,475,486 |
| Кайта сактандыру шарттарының портфельдері бойынша активтер | 10 | 155,409 | 657,353 |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | | 1,390,639 | 734,344 |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | 785,150 | 742,310 |
| Кейінге калдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер | 11 | 295,714 | 152,520 |
| Баска активтер | | 1,734,015 | 2,057,322 |
| БАРЛЫГЫ АКТИВТЕР | | 403,973,773 | 303,136,671 |
| КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | |
| Тікслей репо келісімдері бойынша карыздар | 12 | 27,125,326 | 46,540,965 |
| Сактандыру шарттарының портфельдері бойынша міндеттемелер | 13 | 326,063,081 | 217,802,433 |
| Баска міндеттемелер | | 3,424,681 | 2,920,905 |
| БАРЛЫГЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | 356,613,088 | 267,264,303 |
| Акционерлік капитал | 14 | 3,370,550 | 3,370,550 |
| Баска жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестиациялардың кайта бағалау резерві | | 1,133,847 | 1,603,976 |
| Сактандыру бойынша каржылық кірістер резерві | | 1,586,080 | 7,815,715 |
| Бөлінбеки пайда | | 41,270,208 | 23,082,127 |
| БАРЛЫГЫ КАПИТАЛ | | 47,360,685 | 35,872,368 |
| БАРЛЫГЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | 403,973,773 | 303,136,671 |

5–73 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептің жағдайына қарастырылған болып табылады.

Баскарма Төрағасы



Е.Б. Камбетбаев

Бухгалтерлік есеп және каржылық есептілік Департаментінің
Директоры – Бас бухгалтер

А.Т. Анарова

2025 жылғы 18 сәуір
Казахстан Республикасы, Алматы қ.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

**2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА
ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН ЖӘНЕ БАСҚА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**

| Мың тенгеде | Ескерту | 2024 жыл | 2023 жыл |
|--|---------|--------------------|--------------------|
| Сактандыру және қайта сактандыру қызметі: | | | |
| Сактандыру бойынша кіріс | 13, 15 | 88,948,929 | 63,674,724 |
| Сактандыру бойынша шығындар | 13, 16 | (58,604,405) | (38,660,637) |
| Кайта сактандыру шарттарына байланысты туындайтын шығындар | 10 | (1,127,966) | (762,133) |
| Сактандыру қызметтерін көрсету нәтижесі | | 29,216,558 | 24,251,954 |
| Инвестициялық және қаржылық қызмет: | | | |
| Пайыздық кірістер | 17 | 32,349,242 | 26,064,640 |
| Пайыздық шығындар | 17 | (4,713,393) | (6,808,090) |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестицияларды сату бойынша зиян | | (210,181) | - |
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен жасалатын операциялардан түсестін кірістер | | 335,332 | 41,962 |
| Пайда немесе залат арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялармен операциялардан түсестін кірістер | | 5,973,332 | 1,859,685 |
| Күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервтерін құру жөніндегі шығыстар | | (299,644) | (432,258) |
| Сактандыру шарттарының топтары бойынша сактандыру бойынша қаржылық шығыстар | 18 | (35,536,026) | (18,408,878) |
| Қайта сактандыру шарттарының топтары бойынша сактандыру бойынша қаржылық кірістер | 10 | 67,313 | 63,449 |
| Барлығы инвестициялық және қаржылық қызметтен түсестін (шығындар) / кірістер | | (2,034,025) | 2,380,510 |
| Басқа операциялық кірістер мен шығыстар: | | | |
| Басқа операциялық шығындар | 19 | (6,637,646) | (6,436,716) |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда | | 20,544,887 | 20,195,748 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу | 11 | 143,194 | 71,311 |
| Бір жылдағы таза пайда | | 20,688,081 | 20,267,059 |
| Басқа жиынтық табыс | | | |
| Корпоративтік табыс салығының әсерін шегергенде, одан ері пайдадағы немесе шығынга қайта жіктелетін баптар: | | | |
| Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялардың әділ құнының таза өзгеруі (салық әсерін шегергенде – нөл) | | 376,551 | 923,098 |
| Сактандыру шарттарының топтары бойынша таза қаржылық шығындар бойынша кірістер (салық әсерін шегергенде – нөл) | 18 | (6,229,635) | (3,372,843) |
| Пайда мен залал туралы есепке қайта жіктедеу (салық әсерін шегергенде – нөл) | | (846,680) | 97,515 |
| Табыс салығын шегергенде өзге жиынтық залал | | (6,699,764) | (2,352,230) |
| Барлығы бір жылдағы жиынтық табыс | | 13,988,317 | 17,914,829 |

5–73 беттердегі ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас боллігі болып табылады.

Баскарма Төрағасы



Камбетбаев Е.Б.

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік Департаментінің
Директоры – Бас бухгалтер

Анарова А.Т.

2025 жылғы 18 сәуір
Қазақстан Республикасы, Алматы к.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛЫ ЗА ЖЕЛТОКСАНДА АЯКТАЛГАН ЖЫЛҒА
КАПИТАЛДАГЫ ӨЗГЕРСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕЛ

—73 беттегенде көрсөткіштегі осы көзделсілдік есептілігін деңгэелдес болып табылады.

Eckmann-Tenراچی

Е.Б. Камбетбеков



Бухгалтерлік есеп және
Директоры – Бас бухгалтер

AT ANDORA

2025 жылғы 18 сәуір

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛГА АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

| Мың тенгеде | Ескерту | 2024 жыл | 2023 жыл |
|--|---------|-------------------|-------------------|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ АҒЫНДАРЫ: | | | |
| Сактандыру шарттары бойынша алынған сактандыру сыйақылары | 13 | 221,025,595 | 128,041,467 |
| Кайта сактандыру шарттары бойынша төленген сактандыру сыйақылары | 10 | (613,978) | (907,235) |
| Сактандыру шарттары бойынша төленген төлемдер | 13 | (69,721,711) | (62,119,897) |
| Кайта сактандыру шарттары бойынша кайта сактандырушы етеген сомалар | 10 | 55,269 | 84,649 |
| Аквизициялық шығындарды төлеу | 10, 13 | (52,766,765) | (33,102,228) |
| Сактандыру қызметтері бойынша өзге де шығыстар | 13 | (1,697,608) | (3,269,584) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ күні бойынша бағаланатын инвестицияларды сатып алу | | (14,425,735) | (7,711,889) |
| Пайда немесе залал арқылы әділ күні бойынша бағаланатын инвестицияларды сатудан түсे�тін түсімдер | | 441,437 | 357,519 |
| Басқа әкімшілік және операциялық шығындарды төлеу (Оринастыру) / кредиттік мекемелерде акша қаржатын алу | | (16,643,117) | (2,632,530) |
| Сактанушыларға карыз беру | | (39,932,560) | (8,179,464) |
| Сактанушылардың карыздарды өтеуі | | (506,145) | (1,005,983) |
| Тікелей репо көлісімдері бойынша карыздар | | 1,144,363 | 2,529,283 |
| Алынған пайзыздар | | (24,098,579) | 5,347,145 |
| Төленген корпоративтік табыс салығы | | 26,226,812 | 22,542,787 |
| Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаржат | | 28,421,545 | 39,974,040 |

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АКШАЛАЙ АҒЫНДАРЫ:

| | | |
|--|---------------------|---------------------|
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | (200,500) | (133,213) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсін | 657 | — |
| Баска жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды сатып алу | (10,174,667) | (100,342,479) |
| Баска жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестиацияларды отеуден түсітін түсімдер | 42,869,028 | 89,516,884 |
| Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестиацияларды сатып алу | (74,625,202) | (14,562,946) |
| Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестиацияларды отеуден түсітін түсімдер | 16,226,978 | 10,716,429 |
| Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза акша қаражаты | (25,903,706) | (14,805,325) |

КАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСЕТИН АҚШАЛАЙ АҒЫНДАРЫ:

| | | | |
|---|----|--------------------|---------------------|
| ҚАРЖАЛАСТЫРЫЛУСТАНДАР | | | |
| Төленген дивидендер | 14 | (2,500,000) | (19,940,000) |
| Жалдау міндеттемелерінің негізгі сомасын өтсү | | (137,137) | (126,197) |
| Қаржы қызметінде пайдаланылған таза ақша қаражаты | | (2,637,137) | (20,066,197) |
| Шетел валютасы бағамының өзгеруінің ақшалай қаражатка эсері | | (475) | (299,412) |
| Ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша резервті өзгерту | 5 | 1,278 | (314) |
| Ақша қаражаттарының таза (азаы) / ұлғаоы | | (118,495) | 4,802,792 |
| Жыл басындағы ақшалай қаражат | | 10,202,914 | 5,400,122 |
| Жыл сонындағы ақшалай қаражат | 5 | 10,084,419 | 10,202,914 |

5-73 беттердегі ескертуелер осы қаржылық есептегендегі жеке тауарларас болған болып табылады.

Баскарма Төрағасы

Е.Б. Камбетбаев

Бухгалтерлік есеп және каржылық есептілік Департаментінің
Директоры – Бас бухгалтер

А.Т. Анарова

2025 жылғы 18 сәуір
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Nomad Life» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») 2008 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасында бастапкы тіркеуден өткен. Компанияда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – ҚНРДА) берген 2023 жылғы 18 кантардағы №2.2.15 лицензиясы бар, ол келесі салаларда кызмет көрсету құқығын береді:

- Қазақстан Республикасының «Сактандыру кызметі туралы» Заңының 6-бабы 2-тармағының 3) тармакшасында көрсетілген сыйыпты коспағанда өмірді сактандыру;
- Қазақстан Республикасының «Сактандыру кызметі туралы» Заңының 6-бабы 2-тармағының 4) тармакшасында көрсетілген сыйыпты коспағанда аннуитеттік сактандыру;
- Зейнетакы аннуитеттік сактандыру;
- Жазатайым оқиғалардан сактандыру;
- Ауру жағдайына сактандыру;
- Мемлекеттік білім беру жинактау жүйесі аясындағы өмірді сактандыру;
- Қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру;
- Туристі міндетті сактандыру;
- Қайта сактандыру кызметі.

Сонымен катар, Компанияда бағалы қағаздар нарығында кызмет көрсетуге құқық беретін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген 2019 жылғы 10 шілдедегі №3.1.4.18 лицензиясы бар. Бұл лицензия инвестициялық портфельді басқару кызметін, соның ішінде ерікті зейнетакы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару кызметін қамтиды.

Компанияның занды және накты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Республика Алаңы к-сі, 15.

2024 жылғы 31 желтоксандағы жағдай бойынша Компания кызметкерлерінің саны 586 адамды құрады (2023 жылғы 31 желтоксан: 450 адам).

2024 және 2023 жылғы 31 желтоксандағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Номад» сактандыру тобы» ЖШС болып табылады, түпкілікті бакылаушы тұлға Қазақстан Республикасының азаматы А.С. Мыңбаев мырза болып табылады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

Ағымдағы жылдың қабылданған стандарттар мен интерпретациялар

Компания 2024 жылдың 1 кантарынан бастап күшіне енген келесі жаңа және қайта қаралған стандарттарды қабылдады:

- XEC (IAS) 1 түзетулері – «Міндеттегелерді қысқа немесе ұзақ мерзімді деп жіктеу»;
- XEC (IAS) 7 және XKEC (IFRS) 7 түзетулері – «Жеткізушилдерді қаржыландауды төтіктері»;
- XKEC (IFRS) S1 «Тұрақты дамуға байланысты қаржылық ақпаратты ашуға қойылатын жасапты талаптар»;
- XKEC (IFRS) S2 «Климатқа байланысты ақпаратты ашу»;
- XKEC (IFRS) 16 түзетулері – «Сату және көрі жалға беру кезіндегі жалдау міндеттегелері».

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛДЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Ағымдағы жылды қабылданған стандарттар мен интерпретациялар (жалғасы)

XEC (IAS) 1 түзетулері – «Міндеттемелерді қысқа немесе ұзак мерзімді деп жіктеу»

2020 жылдың қантарында және 2022 жылдың казанында XKEC Кеңесі (IAS) 1 «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзак мерзімді ретінде жіктеу» стандарттарына өзгерістер енгізді, онда міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзак мерзімді жіктеу талаптары түсіндірледі. Түзетулерде мыналар түсіндірледі:

- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы нені білдіреді;
- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің сонында болуы тиіс;
- міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдығы әсер етпейді;
- міндеттеме шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді, егер айырбасталатын міндеттемеге енгізілген туынды құралдың өзі үлестік құрал болса.

Аталған өзгерістер 2024 жылдың 1 қантарынан бастап немесе осы күннен кейін басталған жылдық есептік кезеңдерге қатысты құшіне енді және оларды ретроспективті колдануға болады. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жок.

XEC (IAS) 7 және XKEC (IFRS) 7 түзетулері – «Жеткізуілерді қаржыландыру тетіктері»

2023 жылдың мамыр айында ХБЕСК XKEC (IAS) 7 «Акша қаржатының козгалысы туралы есеп» пен XKEC (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: акпаратты ашу» стандарттарына жеткізуілерді қаржыландыру келісімдерінің сипаттамаларын түсіндіретін және осындай келісімдер туралы қосымша акпаратты ашуды талап ететін түзетулерді жариялады. Түзетулердегі акпаратты ашу талаптары қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізуінің қаржыландыру келісімдерінің ұйымның міндеттемелеріне, акша ағындарына және өтімділік тәуекеліне ұшырауына әсерін түсінуге көмектесуге арналған.

Өзгерістер 2024 жылдың 1 қантарынан бастап немесе осы күннен кейін басталған жылдық есептік кезеңдерге қатысты құшіне енді. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жок.

XKEC (IFRS) S1 «Тұрақты дамуға байланысты қаржылық акпаратты ашуға қойылатын жалпы талаптар» және XKEC (IFRS) S2 «Климатқа байланысты акпаратты ашу»

2023 жылғы маусымында Халықаралық тұрақтылық стандарттарының кеңесі (International Sustainability Standards Board) дамудың барлық бағыттары бойынша, оның ішінде акша ағындарына, қаржыландыруға коллежтімділікке және капитал құнына әсер етуге қабілетті жеткізу тізбегі бойынша тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы акпаратты ашу максатында әзірленген орнықты даму саласындағы S1 XKEC-тың жана стандарттарын және анықтауға, бағалауға қойылатын талаптарды белгілейтін S2 XKEC-ті жариялады және келесі акпаратты ашу талаптарын қамтитын климатқа байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы акпаратты ашу:

- климаттың өзгеруіне байланысты физикалық тәуекелдер;
- климаттың өзгеруіне байланысты өтпелі тәуекелдер;
- климаттың өзгеруіне байланысты мүмкіндіктер;
- ұйымның климаттық тұрақтылығы.

Түзетулер 2024 жылдың 1 қантарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты құшіне енеді. Компания аталған стандарттардың Компанияның қызметі мен қаржылық есептілігіне әсерін бағалауда (4-ескертпе – Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар, 20-ескертпе – Шартты активтер мен міндеттемелер).

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Ағымдағы жылдың кабылданған стандарттар мен интерпретациялар (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 16 «Сату және кері жалға беру кезіндегі жалдау міндеттемелері» бойынша енгізілген өзгерістер Қордың қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

2022 жылдың күркүйек айында ХҚЕС кеңесі ХҚЕС (IFRS) 16 стандартына түзетулер жариялады, олар сату және кері жалға алу мәмілесі нәтижесінде пайда болатын жалдау міндеттемелерін бағалау кезінде сатушы-жалға алушы қолдануға тиіс талаптарды нактылайды. Бұл түзетулер сатушы-жалға алушы сактал қалған пайдалану күкігінен катысты пайда немесе залалдың кандай да бір сомасын тануға жол бермеу максатында енгізілді.

Түзетулер ХҚЕС (IFRS) 16 стандартын бастапқы қолдану күнінен кейін жасалған сату және кері жалға алу мәмілелеріне ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жок.

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – жарияланған, бірақ әлі күшіне енбекен

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның қаржылық есептілігі шығарылған күні күшіне енбекен жаңа стандарттар, түзетулер мен түсініктемелер көлтірілген. Компания осы стандарттарды, түзетулер мен түсініктемелерді, егер қолданылса, күшіне енген күні кабылдауға ниетті:

- ХҚЕС (IFRS) 7 және ХҚЕС (IFRS) 9 түзетулері – «Қаржылық құралдарды классификациялау және бағалау»;
- ХҚЕС (IFRS) 18 – «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашып көрсету»;
- ХЕС (IAS) 21 түзетулері – «Айырбастау мүмкіндігінің болмауы»;
- ХҚЕС (IFRS) 19 – «Жария есептілігі жок еншілес компаниялар: акпаратты ашу».

ХҚЕС (IFRS) 9 және ХҚЕС (IFRS) 7 түзетулері – «Қаржылық құралдарды классификациялау және бағалау»

2024 жылдың мамырында ХБЕСК ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» және ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржылық құралдар: акпаратты ашып көрсету» стандарттарына өзгерістер енгізді, олар келесідей мәселелерді камтиды:

- электрондық төлем жүйесін пайдалану арқылы қаржылық міндеттемелерді есептей;
- экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық сипаттамалары бар активтерді коса алғанда, қаржылық активтердің шартты акша ағындарының сипаттамаларын бағалау.

Бұл өзгерістер 2026 жылдың 1 қантарынан немесе одан кейін басталатын жылдық есептілік кезеңдеріне катысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі, және бұл факт міндетті түрде ашылуы тиіс. Қазіргі уақытта Компания осы өзгерістердің ықтимал әсерін талдауда.

ХҚЕС (IFRS) 18 – «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашу»

2024 жылдың сәуір айында ХБЕСК қаржылық есептілікте акпаратты ұсыну және ашу талаптарын белгілейтін жаңа ХҚЕС (IFRS) 18 «Қаржылық есептілікте ұсыну және ашу» стандартын жариялады. ХҚЕС (IFRS) 18 ХЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну» ауыстырады.

ХҚЕС (IFRS) 18 негізгі максаты – қызмет нәтижелері туралы есептің салыстырмалылығы мен ашыктығын камтамасыз ету және басшылық анықтаған тиімділік көрсеткіштерін ұсынуды камтамасыз ету.

Түзетулер 2027 жылдың 1 қантарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге катысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі және бұл факт ашылуы керек. Қазіргі уақытта Компания осы өзгерістердің ықтимал әсерін талдау жатыр.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ (ЖАЛҒАСЫ)

Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС – жарияланған, бірақ әлі күшіне енбеген (жалғасы)

Компания ХҚЕС (IAS) 21 – «Айырбастау мүмкіндігінің болмауы» және ХҚЕС (IFRS) 19 – «Жария есептілігі жоқ енишес компониялар: ақпаратты ашу» стандарттарына енгізілген өзгерістердің Компанияның каржылық есептілігіне елеулі есерін тигізбейді деп санайды.

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАНЫЗДЫ АҚПАРАТ

Сәйкестік қағидасы

Компанияның кося беріліп отырған каржылық есептілігі Халықараптакар және қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес шығарған Халықараптакар және қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Дайындық қағидасы

Каржылық есептілік кайта бағаланған құн бойынша есепке алынатын кейбір қаржы құралдарын қоспағанда, бастапкы құн негізінде дайындалады. Компанияның каржылық есептілігі қазакстандық тенгемен (бұдан әрі – «теңге») ұсынылған.

Компанияның каржылық есептілігін таныстырудың және функционалдық валютасы тенге болып табылады. Осы каржылық есептіліктегі барлық сандар, арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, мынға дейін жалпыланады.

Қызметтің үздіксіздігі қағидасы

Бұл каржылық есептілік Қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес дайындалған. Бұл жақын болашакта оның әдеттегі экономикалық қызметі барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді камтиды.

Компания басшылығының өз қызмет аукымын айтартытайтын қыскартуға немесе Компанияны жабуға ниеті де, қажеттілігі де жок. Компания басшылығы өзінің үздіксіз жұмысын жалғастыра алады деп санайды.

Есептеу қағидасы

Бұл каржылық есептілік есептеу қағидасына сәйкес жасалды. Есептеу қағидасы төлем уақытына карамастан, шаруашылық операциялардың нәтижелерін, сондай-ақ оларды жасау фактісі бойынша оқиғаларды танумен қамтамасыз етіледі. Операциялар мен оқиғалар бухгалтерлік есепте көрсетіледі және оларға жататын кезеңдердің каржылық есептілігіне енгізіледі.

Каржылық есептілік элементтерін тану

Бұл каржылық есептілікке каржылық есептіліктің элементтері болып табылатын барлық активтер, міндеттемелер, капитал, кірістер мен шығыстар кіреді. Қаржылық есептіліктің барлық элементтері желілік баптар түрінде ұсынылған. Қаржылық есептіліктің бірнеше элементтерін бір бапка біріктіру олардың Компания қызметтіндегі сипаттамаларын (функцияларын) ескере отырып жүргізілді. Ұксас баптардың әрбір манызды класы каржылық есептілікте бөлек ұсынылады. Ұксас емес сипаттағы немесе тағайындалған баптар, егер олар манызды болса, бөлек ұсынылады.

Компания өзінің каржылық жағдайы туралы есебін өтімділіктің кему тәртібімен ұсынады. Қаржылық активтер мен міндеттемелердің өтімділігін талдау 22-ескертуде келтірілген.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Әділ құнды бағалау

Компания пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын каржы активтері және баска жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын каржы активтері, әрбір есепті қүнге әділ құн сиякты каржы құралдарын бағалайды.

Әділ құн – бұл активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау қүніне нарыкка катысушылар арасында әдеттегідей жасалған мәміле шенберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру туралы мәміле келесі жағдайларда орын алады деп болжайды:

- не активтің немесе міндеттеменің негізгі нарығында;
- немесе негізгі нарық болмаған жағдайда, актив немесе міндеттеме үшін ең колайлы нарыкта.

Мерзімді негізде каржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің сонына жіктеуді (тұғастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең тәменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) кайта талдай отырып, иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы аударым фактісін айқындайды.

Шетел валютасын қайта есептеу

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жасалған құні колданыста болатын Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – «ҚҚБ») қалыптаскан айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Есепті қүнге шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер осы есепті қүнге колданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы әділ құн бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құн айқындалған құні қолданылып жүрген айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген тарихи құны бойынша көрсетілген монетарлық емес баптар қайта есептелмейді. Қайта есептеу кезінде туындастын бағамдық айырмашылыктар кезендегі пайда немесе залал құрамында танылады.

Компания каржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған валюта бағамдары келесідей:

| Валюта | 2024 жылғы 31 желтоқсан | 2023 жылғы 31 желтоқсан |
|------------|----------------------------|----------------------------|
| АҚШ доллар | 525.11 | 454.56 |

Каржы активтерін өзара есепке алу

Каржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдо көрсетіле отырып, каржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу міндеттемені реттеумен бір мезгілде өзара есепке алушы жүргізу немесе активті іске асыру ниеті занды түрде бекітілген құқық болған кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл, әдетте, өзара есеп айырысу туралы бас келісімдерге катысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық көлемде көрсетіледі.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері

Бастапқы тану

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі олардың шарттық шарттарына және құралдарды баскарудың бизнес-моделіне байланысты.

Қаржы құралдары бастапқыда мәміле жасалған күні танылады және қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей катысты мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме жағдайында ұлғайтылған немесе азайтылған әділ құн бойынша бағаланады.

Бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді баскарудың бизнес-моделі мен активтің шарттық талаптары негізінде жіктеіді. Санаттарға мыналар кіреді:

- амортизацияланған құн бойынша бағаланады;
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау;
- пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалау.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Егер мынадай екі шарт орындалса, қаржы активтері амортизацияланған құн бойынша есепке алынады:

- құралдар бизнес-модельге сәйкес ұсталады, оның максаты шартта көзделген акша ағындарын алу үшін құралды ұстап калу болып табылады;
- қарыз құралының шарттық талаптары белгілі бір күндерде акша ағындарының пайда болуына әкеледі, олар тек негізгі қарыз сомасы мен негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар (SPPI) болып табылады.

Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Егер мынадай екі шарт орындалса, қаржы активтері басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынады:

- құралдар бизнес-модель аясында ұсталады, оның максаты шартта көзделген акша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да кол жеткізіледі;
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндері қарызыдан негізгі сомасы мен қарызыдан негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздар есебіне тек кана төлемдер болып табылатын акша ағындарын алушы шарттайты.

Осы санаттағы қаржылық активтер – бұл шартта көзделген акша ағындарын алу максатында ұсталатын және өтімділіктің өзгеруіне байланысты немесе нарыктық жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде сатылуы мүмкін құралдар.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер

Бұл санатка басқаруы әділ құнға негізделген бизнес-модель шенберінде жүзеге асырылатын немесе басшылық бастапқы тану кезінде жіктеген немесе міндетті түрде XKEC (IFRS) 9 сәйкес әділ құн бойынша бағалануы тиіс қаржылық активтер кіреді. Бұл санатка өтпеген қаржылық активтер кіреді SPPI-синағы немесе шартта көзделген акша ағындарын алу арқылы да, қаржылық активтерді сату арқылы да кол жеткізілетін бизнес-модель шенберінде ұсталмайды.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Бизнес-модельді бағалау

Компания өзінің бизнес-моделін өзінің бизнес максатына жету үшін қаржылық активтер портфолиосын қалай басқаратынын жақсы көрсететін деңгейде аныктайды. Компания шартта көзделген акша ағындарын алу және сактандыру шарттары бойынша талаптардың туындауына карай оларды реттеу үшін қаржылық базаны камтамасыз ету үшін қаржы активтерін иеленеді. Активтердің бизнес-моделін айқындау кезінде Компания сактандыру міндеттемелерінің портфельдерін ұстап тұру үшін кажетті акша ағындарының мерзімдерін, көлемін және құбылмалылығын, сондай-ақ Акционер үшін пайданы барынша арттыру және бизнестің болашак дамуы әлеуетін ескереді.

Компанияның бизнес-моделі әр күрал бойынша емес, бакыланатын факторларға негізделген жиынтық портфельдердің жоғары деңгейінде бағаланады, мысалы:

- бизнес-модельдің өнімділігі мен осы бизнес-модельде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат үйымның негізгі басқару персоналына қалай жеткізіледі;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модельде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі) және, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйакы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған акша ағындарына негізделген бе).

Активтердің күтілетін жиілігі, құны және сату мерзімі де Компанияны бағалаудың маңызды аспектілері болып табылады. Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарий деп аталатындар сиякты Компания негізінде түрде күтпейтін сценарийлер негізінде жүргізілмейді.

Егер бастапқы танудан кейінгі акша ағындары үйымның бизнес-модельді бағалау күніндегі күтуперінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, бұл үйымның қаржылық есептілігіндегі алдыңғы кезеңдердің категілігін көрсетуге негіз болып табылмайды, Компания осы бизнес-модельге сәйкес ұсталатын калған қаржылық активтердің жіктелуін өзгертпейді, алайда мұндай акпаратты жана сатып алынатын қаржылық активтердің жіктеу кезінде ескереді.

SPPI тесті

Жіктеудің екінші кезеңінде Компания шарттың талаптарын олардың Solely payments of principal and interest (бұдан әрі – SPPI) тестіне сәйкес келетіндігін анықтау үшін бағалайды. Осы тесттің максаттары үшін негізгі сома бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құны ретінде айқындалады және осы қаржы активінің (мысалы, егер қарызыңы негізгі сомасын өтеу немесе сыйакы/дисконттың амортизациясы есебінен төлемдер орын алса) колданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін. Қарыз келісіміндегі пайыздардың ең маңызды элементтері әдетте ақшаның уақытша құнын есепке алу және несиелік тәуекел болып табылады. SPPI бағалау үшін Компания пайымдауды колданады және қаржылық актив көрсетілген валюта және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезең сиякты тиісті факторларды талдайды.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Бастапқы танудан кейін қаржылық активтер амортизацияланған құн бойынша құнсыздану резервін шегергендең тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып бағаланады. Амортизацияланған құн бастапқы тану кезінде қаржы активі бағаланатын сома, борыштың негізгі сомасы есебіне төлемдерді шегеру, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелеңген жинақталған амортизация шамасын косу немесе шегеру, көрсетілген бастапқы сома мен өтеу мерзімі басталған кезде төлеуге берілетін сома арасындағы айырманы шегеру, күтілетін кредиттік залалдарды ескере отырып түзетілген ретінде есептеді (бұдан әрі – «ККЗ»). ККЗ пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы есепті құндегі жағдай бойынша ККЗ есептік шамага дейін түзету үшін кажетті мөлшердегі құнсызданданудан түсken пайда немесе шығын ретінде танылады.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі – бұл әр кезеңдегі тұракты пайыздық мөлшерлемені камтамасыз ету максатында тиісті кезеңдегі пайыздық кірістерді немесе пайыздық шығындарды тану әдісі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме (бұдан әрі – «ТПМ») – бұл қаржы құралының күтілетін мерзімі ішінде немесе тиісті жағдайларда кыска мерзім ішінде қаржы құралының таза баланстық құнына дейін есептелеңген болашак ақшалай төлемдерді немесе түсімдерді (несиелер бойынша болашак шығындарды коспағанда) дәл дисконттайтын мөлшерлеме. ТПМ белгілі бір құрал үшін көрсетілген өзгермелі мөлшерлеме бойынша несиелік спредті көрсететін сыйакыны немесе дисконтты коспағанда, пайыздық өзгерістің келесі құніне дейін өзгермелі мөлшерлеме құралдары бойынша акша ағындарын дисконттау үшін немесе нарықтық мәнге байланысты белгіленбеген баска айнымалы факторлар үшін қолданылады. Мұндай сыйакылар немесе дисконттар құралдың күтілетін айналым мерзімі ішінде амортизацияланады.

Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері

Баска жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал осы активке жататын пайда немесе залал валюта бағамдарының өзгеруінен құнсызданданудан және пайда мен шығыннан түсken пайданы немесе шығынды коспағанда, баска жиынтық табыстың құрамында танылуға тиіс. Валюта бағамдарының өзгеруінен пайыздық кірістер мен кірістер немесе шығындар амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері сиякты пайда немесе шығын құрамында танылады. Қарыз құралдарына арналған ККЗ әділ құн болып қалатын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржылық активтердің баланстық құнын төмендетпейді. Оның орнына, егер активтер амортизацияланған құн бойынша бағаланса, пайда болатын резервке тен сома баска жиынтық кірістің бөлігі ретінде танылады. Баска жиынтық табыстың құрамында танылған жинақталған сомалар активтерді тану токтатылған кезде пайда немесе шығын құрамына көшіріледі.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Әділ құнның өзгеруі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Алынған пайыздар шарттық пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы көрсетіледі.

Үлестік құралдар бойынша дивидендтік кіріс төлем құқығын белгілеу сәтіндегі өзге пайыздық және үксас кірістер ретінде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерін тануды тоқтату

Елеулі модификация жағдайларын қоспағанда, тануды тоқтату

Қаржы активін тану:

- осы каржы активінен акша ағындарына шартта көзделген құқыктардың колданылу мерзімі аяқталған; немесе
- Компания активтен акша ағындарын алу құқығын берген немесе алынған акша ағындарын «өтпелі» келісім бойынша үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз толық көлемде төлеуге міндеттеме алған; және немесе:
 - Компания каржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы берген; немесе
 - Компания каржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы бермеген немесе сактамаған, алайда активті бақылауды тапсырған кезде тоқтатылады.

Компания бақылауды қабылдаушы тараптың активті тәуелсіз үшінші тарапқа сатудың практикалық мүмкіндігі болған кездеғана және сол кезде қабылдаушы тарап бұл мүмкіндікті біржакты тәртіpte және мұндағы беріліске косымша шектеулер кою қажеттілігінсіз пайдалана алады деп санайды.

Қаржы активтері шарттарының елеулі өзгеруіне байланысты тануды тоқтату

Компания каржы активі бойынша шартта көзделген акша ағындарының талаптары мен ережелері, шын мәнінде, ол жаңа құралға айналатындағы дәрежеде кайта қаралған кезде каржы активін тануды тоқтатады, бұл ретте айырмашылық тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылады. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өзгерілген каржы активтері жағдайында өзгерілген каржы активі ККЗ бағалау максаттары үшін «жаңа» каржы активі болып саналады.

Құралды тануды тоқтату қажеттілігін бағалау кезінде, баскалармен катар, Компания келесі факторларды ескереді:

- карыз құралының валютасын өзгерту;
- пайыздық мөлшерлемені өзгермелі мөлшерлемеге және көрініше өзгерту;
- үлестік катысу белгісін енгізу;
- контрагентті өзгерту;
- құрал SPPI критерийіне сәйкес келмейтін модификациялау.

Егер модификация акша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, онда модификация тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы ТПМ бойынша дисконтталған акша ағындарының өзгеруіне сүйене отырып, Компания модификациядан түскен пайданы немесе шығынды көрсетеді.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Қаржы активтерінің құнсыздануын бағалауды Компания жеке де, ұжымдық та жүргізеді. Бұл ретте Компания өткен оқиғаларды, ағымдағы жағдайларды, құрал бойынша болашак акша ағындарының күтілетін жиналудына әсер ететін ақылға конымды және негізделген болжамдарды коса алғанда, акпараттың кең ауқымын ескереді.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Осы перспективалық тәсілді қолдану кезінде мыналар арасында айырмашылық жасалады:

- бастапкы танылған сәттен бастап кредиттік сапаның айтарлықтай нашарлауына ұшырамаған немесе кредиттік тәуекелі төмен қаржы құралдарымен («1-кезен»);
- бастапкы танылған сәттен бастап несиелік сапаны едәуір нашарлататын және несиелік тәуекелі төмен емес қаржы құралдары («2-кезен»);
- «3-кезен» есепті қүнге құнсызданудың объективті белгілері бар қаржы активтерін камтитын болады.

«12-айлық күтілетін кредиттік шығын» бірінші санат үшін, ал «қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығын» екінші санат үшін танылады.

Дебиторлық берешекке қатысты құнсыздану

Несиелік тәуекелді бағалау және күтілетін несиелік шығындарды бағалау кезінде Компания сауда-саттық дебиторлық берешегінің өмір сүру кезеңінде өткен кезеңдердегі дефолттардың ықтималдығы туралы бакыланатын деректерге негізделген резервтік матрицаны пайдаланады, олар болжамды бағалауды ескере отырып түзетіледі. Әрбір есепті қүнге өткен кезеңдердегі дефолттардың байқалған тарихи ықтималдығы жаңартылады және болжамды бағалаулардағы өзгерістер талданады. Сондай-ақ, Компания өткен уакыттағы накты шығындар, ағымдағы жағдайлар, ақылға конымды және негізделген болжамдар туралы акпарат негізінде накты карыз алушыларға қатысты жеке негізде құнсыздануға талдау жүргізеді.

Компания дебиторлық берешекке қатысты құнсыздануды есепке алуын жеңілдетілген моделін бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік шығындарды есептей отырып колданады.

Егер амортизацияланған құн бойынша ескерілетін құнсызданған қаржы активінің шарттары контрагенттің қаржылық киындықтарына байланысты кайта қаралса немесе басқаша өзгерсе, құнсыздану шарттар өзгергенге дейін бастапкы тиімді пайызың мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады.

Кредиттік мекемелердегі бағалы қағаздарға, ақша қаражаттарына және несие мекемелеріндегі қаражаттарға қатысты құнсыздану

ККЗ есептеу механизмі төменде көлтірілген және негізгі элементтер мыналар болып табылады:

- Дефолт ықтималдығы (PD) – белгілі бір уакыт аралығында дефолт ықтималдығын бағалау. Ол экономикалық сценарийлер мен болжамды акпаратты ескере отырып бағаланады.
- Дефолт тәуекеліне ұшыраған талап шамасы (EAD) – есепті қүннен кейінгі тәуекел шамасындағы күтілетін өзгерістерді, соның ішінде негізгі карыз бен пайыз төлемдерін, шартта жоспарланған және өткізіп алған төлемдер үшін есептелген пайыздарды ескере отырып, болашақ дефолт қүніне тәуекелге ұшырауды бағалау.
- Дефолт шығындарының деңгейі (LGD) – бұл дефолт белгілі бір уакытта болған жағдайда пайда болатын шығынды бағалау. Ол келісімшарт бойынша төленетін акша ағындары мен Компания күткен акша ағындары арасындағы айырмашылыққа негізделген. Ол әдетте EAD пайызымен көрсетіледі.

Есептегендегі шығару

Қаржылық активтер Компания өндіріп алу процедурасын токтатқан кезде ғана ішінара немесе толық есептен шығарылады. Егер есептен шығарылатын сома жинақталған ККЗ асып кетсе, айырмашылық алдымен ККЗ –ның үлғаюы ретінде есептеледі, бұл кейіннен балансстық құнын төмendetеді. Кез келген кейінгі өтемекі шығындарға жатады. Осы қаржылық есептілікте көрсетілген кезеңдерде қаржы активтерін толық немесе ішінара есептен шығару болған жок.

«NOMAD LIFE» ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

2024 ЖЫЛЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯКТАЛҒАН ЖЫЛҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (ЖАЛҒАСЫ)

3. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ (ЖАЛҒАСЫ)

Резервтер

Егер Компанияның өткен окигадан туындаған ағымдағы міндеттемесі (занды немесе тәжірибеден туындейтын) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың кетуі ықтимал болса және осындаған міндеттеменің сомасына сенімді баға алынуы мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Компания резервтердің бір бөлігін немесе барлығын, мысалы, сактандыру шарты бойынша өтеуді көздесе, өтемакы жеке актив ретінде танылады, алайда өтемакы алу күмән тудырмаган жағдайдаған. Резервке катастыры шығын пайда немесе залал туралы есепте және өтеуді шегергендердің басқа жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі.

Қызметкерлердің сыйакыларынан аударымдар

